



Ф.Ш.Казбекова
2026ж

Бракераж комиссиясының тексеру актісі № 9
14 қаңтар 2026 жыл

Біз төмендегі қол қоюшы комиссия мүшелері, мектеп-интернат директоры Ф.Ш.Казбекова, ДТЖО Ғ.Ө.Утепова, Қамқоршылық кеңес төрайымы Г.У.Кульмашова, Кәсіподақ төрағасы А.О.Шайымкулов, әлеуметтік педагог Г.А.Картанова, мектеп медбикесі Б.Н.Карбекова, мектеп асханасының келесі сұрақтары бойынша тексеру жұмыстарын жүргіздік

- Астың дайындалу технологиясын;
- Шикі тағамдардың тасымалдану және сақталу жағдайын;
- Тағамдардың сәйкестік құжаттарының (сертификаттар) болуын;
- Тәуліктік сынамаларынаң болуын қарастырдық.
- Асхана жұмысшыларының арнайы киімдері бар, арнайы қолғап киіп жұмыс атқарады. Дезинфекциялық құралдарды бар. Дезинфекциялық құралдардың мөлшері жеткілікті.
- Қоймадағы шикі азық-түліктердің сақталуы.

Бракераж комиссия мүшелері тексеріс барысында азық-түлік сақтайтын қойма тексерілді. Азық-түліктің сапасын, дайын өнімнің сапасын, тағамдардың салмағы тексерілді. Көкөністерге, шикізаттарға арналған стеллаждар орналасқан, етке, тауыққа, сүт өнімдеріне арналған тоңазытқыштар таза санитарлық талапқа сай.

Комиссия мүшелерінің шешімімен: Асхана ішінің санитарлық гигиеналық жағдайы, тамақтардың сақталуы талапқа сай, таза. Ыдыс-аяқтар таза. Тексеріс барысында ешқандай олқылықтар болған жоқ. Оқушылар мен ата-аналардан ешқандай арыз-шағым болған жоқ

Комиссия құрамы:

Бракераж комиссиясының төрайымы  Ф.Ш.Казбекова

Комиссия мүшелері:

Қамқоршылық кеңес төрайымы:  Г.У.Кульмашова

ДТЖО

Г.О.Утепова

Кәсіподақ төрағасы:

А.О.Шайымкулов

Әлеуметтік педагог:

Г.А.Картанова

Мектеп медбикесі:

Б.Н.Карбекова

Хатшы:

Г.А.Картанова

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «№1 «Өркен» арнайы
мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Бракераж комиссиясы отырысының

Тараз қ

№9 ХАТТАМАСЫ

14.01.2026ж

Қатысқан-6 адам

Бракераж комиссиясының төрайымы: Ф.Ш.Казбекова

Комиссия мүшелері:

ДТЖО

Ғ.Ө.Утепова

Қамқоршылық кеңес төрайымы:

Г.У.Кульмашова

Кәсіподақ төрағасы:

А.О.Шайымкулов

Мектеп медбикесі:

Б.Н. Карбекова

Хатшы:

Г.А.Картанова

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Келген азық-түлікті қабылдау барысы
2. Азық-түлік қоймасының жағдайы
3. Асхананың түскі ас мәзірі
4. Асхана тазалығы және тағам мөлшері

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша

Сөйледі: мектеп-интернат директоры Ф.Ш. Казбекова

Келіп түскен азық-түліктердің сапасы, жарамдылық мерзімі, сертификаттары мен ілеспе құжаттарының талапқа сай екендігі тексерілгенін баяндады. Азық-түліктер белгіленген нормаларға сәйкес қабылданатынын, жарамдылық мерзімі мен сақтау шарттарына ерекше көңіл бөлінетінін атап өтті.

2-мәселе бойынша

Сөйледі: қамқоршылық кеңес төрайымы Г.У. Кульмашова

Азық-түлік қоймасының санитарлық жағдайы, тазалығы, желдетілуі, сақтау тәртібі тексерілгенін хабарлады. Өнімдердің түрлері бойынша реттеліп, белгіленген сөрелерде сақталатынын, температуралық режимнің сақталатынын айтты.

3-мәселе бойынша

Сөйледі: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Г.О.Утепова
Асхананың түскі ас мәзірі бекітілген циклдік мәзірге сәйкес жасалатынын, тағамдардың балалардың жас ерекшелігі мен денсаулық жағдайына сай дайындалатынын баяндады. Күнделікті мәзірде бірінші, екінші тағам және сусынның қамтылатыны айтылды.

4-мәселе бойынша

Сөйледі: мектеп-интернат медбикесі Б.Н. Карбекова
Асхана тазалығы санитарлық-гигиеналық талаптарға сай екенін, асхана қызметкерлерінің арнайы киіммен жұмыс істейтінін, тағам мөлшері белгіленген нормаға сәйкес берілетінін жеткізді. Дайын тағамдардың сапасына күнделікті бракераж жүргізілетіні атап өтілді.

ШЕШІМІ:

1. Келген азық-түліктерді қабылдау барысында санитарлық талаптар мен жарамдылық мерзімін қатаң бақылау жалғастырылсын.
2. Азық-түлік қоймасында сақтау тәртібі мен тазалық тұрақты түрде қадағалансын.
3. Асхана мәзірі бекітілген жоспарға сәйкес сақталсын, тағам түрлері алуан түрлі болуына назар аударылсын.
4. Асхана тазалығы мен тағам мөлшерінің санитарлық нормаларға сәйкестігі тұрақты бақылауда ұсталсын.

ҰСЫНЫСТАР:

- Асхана қызметкерлеріне санитарлық талаптар бойынша нұсқаулық жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін;
- Тағам сапасына күнделікті медициналық бақылау күшейтілсін;
- Қойма мен асханаға жоспарлы тексерулер жалғастырылсын.

Комиссия төрағасы  Ф.Ш.Казбекова
Г.А.Картанова



